

ЖШС «Нұр-Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығы

4 хаттама

«Нұр-Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығының өндірістік жиналышы

25 мамыр 2023 жыл

Катысушылар:10

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылшының қорытындысы
2. 2023 жылғы жазғы сауықтыру жұмыстары
3. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары

Бірінші мәселе бойынша орталық әдіскері оқу жылшында жоспарға сәйкес барлық іс шаралар өткізілгендерін атап көрсетті. Тәрбиешілер әртүрлі семинарларға қатысып өз біліктіліктерін көтеру үшін жан-жақты ізденісте. Топтардағы бала саны біршама толықты. Жалпы жылдық жоспарды түгелімен толық орындалды, орталық түлектерімен қоштасу кеші жоғары дәрежеде өткізілгендерін және балалардың мектепке дайын екендігі жайлар айтып өтті. өткізіліп, мектепке шығарып салдық. Ендігі міндет сол кеткен балалардың орнын толтыру.

Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалды. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балалардың денсаулығын нығайту үшін су процедуralары, құммен ойнау, түрлі спорттық шаралар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «1- маусым балаларды қорғау» күніне орай денсаулық күнін өткізбекшіміз.

Үшінші мәселе бойынша орталық әдіскері жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы ата-аналар үшін жадынама берілді. Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керектігі, балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру, балалармен жеке әңгіме жүргізу, маңызды ережелерді түсіндіру, оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкіндігі мен баланың бос уақыты мәселесіне көніл бөлу қажеттігін қатаң ескерту.

Есте сақтаңыз! 1. Өз балаңыздың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыз, барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сөйлесуге тыйым салыңыз. Балаңызға егер біреу оған қиянат жасағысы келсе, әрқашан кімге болса да «жоқ» деп айтуга толық күкігі бар екенін түсіндіріңіз; қандай жағдай болмасын танымайтын адамдардың көлігіне отыруға болмайтынын түсіндіріңіз;

2. Судағы жұзу мен ойындар рақаттанғаннан басқа баланың өмірі мен денсаулығына қауіп тұғызады. Балаңыз суда болған уақытта одан көз алмаңыз, басқа нәрсеге алданбаңыз- сол сәттегі минут қайғылы жағдайға үшіншілік мүмкін, балаларға жалғыз суда шомылуға, сонымен қоса білмейтін жерде сұңгуге болмайтынын міндепті түрде түсіндіріңіз, балаларға қарап отырған ересек адамның өзі де жұзуді, алғашық көмек көрсетуді білуі тиіс, қолдан дем алдыру мен тікелей емес жүрек үқалауын жасауды жүргізуі білуі тиіс.

3. Жол-көлік уақиғасының құрбаны немесе себепші болмауы үшін, балаларға жол жүру ережелерін үйрету қажет, жолда және қоғамдық көліктегі мұқият болуды үйретіңіз; балалармен ойын және спорт алаңында, жорыққа шыққанда абайланың қажеттілік талаптарын сақтаңыз;

4. Отпен мұқият болыңыздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақиғаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің қоқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану.

5. Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңғасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың оңай ережелерін балардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Тәрбиешілер ата- аналармен жұмыс баrasында осы ережелерді үнемі есте сақтаулары қажеттігі жөнінде тапсырма берілді..

25 мамыр 2023 жылғы өндірістік жиналышының шешімі:

1. Жылдық жоспарды орындауды жақсарту, әр түрлі байқауларға қатысу;
2. Жазғы сауықтыру шаралары кезінде балалардың денсаулығына мұқият қарау;
3. Ата-аналармен балалардың қауіпсіздігі туралы жиі хабарласып, ескертіп тұру.

Орталық менгерушісі

